Нұрлы-көш орта мектебі КММ

2021-2022 оқу жылы

Қамқоршылық кеңестің №1 отырысы хаттамасы

**Өткізілген күні:** 11.01.2022

**Өткізілген орны:** Нұрлы-көш орта мектебі КММ

**Қатысқандар:** мектеп әкімшілігі, кеңес мүшелері

**Күн тәртібіндегі мәселелер:**

1. Мектеп қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту.
2. Мектеп асханасының жұмысы туралы
3. Мектептің 10 жылдығын атап өтуге арналған ұсынымдар мен пікірлерді талдау

**Тыңдалды:**

Кеңес төрағасы Әліп А.Е. жиналғандарға бүгінгі жиынның күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды.

Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша төраға ретінде жаңа жылға арналған жұмыс жоспарымен таныстырды. Төраға жұмыс жоспарына ең өзекті деген мәселелерді кіргізгенін, ондағы мәселелер мүшелердің ұсынысымен енгізілгенін айтып, жоспар құрылымымен таныстырды.

**Жарыссөз:** ҚК мүшесі Шуканова Н.Н. жоспардағы мәселелердің мектеп өмірінде ерекше орны бар тақырыптар екенін айтып, өз тарапынан келісім білдіретінін атап өтті. Кеңестің басқа мүшелері де жоспармен келісетінін айтты.

Күн тәртібіндегі мектеп асханасының жұмысы туралы әлеуметтік педагог Иманова Г.Е. сөз алды. Балалар мен жасөспірімдерді дұрыс тамақтандыру олардың денсаулығын нығайтып, дене және ой қабілетінің дамуына мүмкіндік береді, еңбек ету мен сабаққа үлгеру қабілетін арттырады. ҚР Үкімітінің 2019 жылғы 30 желтоқсанындағы №64 қаулысына өзгерістер енгізу туралы, №1032 қаулысында көрсетілген санаттағы және әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күн көрісі төмен отбасылардан шыққан, мектеп тарапынан қаржылай және әлеуметтік және материалдық көмек алуға құқығы бар 11 оқушының тізімі бекітілді.

Қазіргі таңда аталған оқушылар бекітілген ас мәзірі бойынша тамақтанып жүр. Ас мәзірі 5 күндікпен 4 аптаға бірінші, екінші, сусыны, тіс басар (десерт) немесе жеміс-жидек сияқты жоғары құнарлылық пен көптеген дәрумендерге толы ас түрлерімен жасалған. Яғни 20 күнге 20 түрлі ас мәзірі

Қазіргі таңда ыстық тамақпен қамтылған оқушылар 4%-ды құрап отыр.

Асханада оқушыларға ыстық тамақтануды жүргізу уақыты сағат 09.35-09.45

Күн тәртібіндегі мектептің 10 жылдық мерекесін атап өту бойынша ұсынымдар мен пікірлерді талдау мәселесінде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Коразбекова М.К. сөз сөйледі.

«Мектептің 10 жылдығын атап өту – оңайлықпен іске асатын шаруа емес екені анық. Дегенмен, жан-жақты қолдау нәтижесінде бұл атаулы күнді атап өтеміз деп ойлаймыз. Бұл шарада мектеп түлектерінің де үлесі болады. Сонымен қатар, демеуші ретінде ата-аналар да атсалысады деген ойдамыз. Концерттік іс-шара тек мұғалімдердің қатысуымен ұйымдастырылады. Одан бөлек, мектепті безендіру ісі, тақырыптық бұйымдар дайындау ісі де ұйымдастырылады деп күтілуде» деді ДТІЖО.

Кеңес соңында қаралған мәселелер бойынша қаулы қабылданды.

**ҚАУЛЫ:**

1. Мектеп қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары кеңес мүшелері тарапынан қолдау тапқандығына орай бекітілсін.
2. Мектеп асханасының жұмысы «қанағаттанарлық» деп танылсын
3. Мектептің 10 жылдығын атап өтуге арналған ұсынымдар мен пікірлерді талдау нәтижесінде, жұмыс жоспары құрылуына кеңес мүшелері де атсалыссын.

Төраға: Әліп А.Е.
Орынбасары: Жолмағамбетова Н,Ж.
Мүшесі: Сыдық А.Б.
Мүшесі: Жубанышева З.К.
Мүшесі: Бижанова Ж.К.
Мүшесі: Шуканова Н.Н.
Мүшесі: Талманова А.
Мүшесі: Абишова Н.Р.
Мүшесі: Избасқанова С.Е.
Хатшысы: Коразбекова М.К.